

# ДҮНИЕ ДИДАРЫНДАҒЫ ДИМАШ

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Дүние дидарындағы Димаш» көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Аталмыш көрме танымал әншінің шығармашылығы мен өнердегі жетістіктерінен сыр шертеді.

@smagulova\_aruzhan

Көрменің ашылу салтанатына Димаштың ата-анасы, облыс әкімі, тұрғындар және өзге де қонақтар қатысты. Бұл көрмеге Димаштың дара тұлғасын, өнер жолын танытатын экспонаттар мен жанкүйерлерінің сыйлықтары қойылды. Атап айтсақ, көрме 4 бөлімнен тұрады.

«Шабыт көздері» бөлімінде

Димаштың өмірбаяны, балалық шағы мен өнеріне қатысты фотосуреттер, түрлі экспонаттар бар. «Данка апарар жол» бөлімі жеткен жетістіктеріне арналды. Жанкүйерлерінің сыйлықтары «Жанкүйерлер махаббаты» бөліміне қойылған. Ал «Ұлт мәдениетінің жаршысы» бөлімінде әншінің ұлт мәдениетіне қосқан үлесіне куә боласыз. Димаштың бар болмысын паш ететін көрме 24-інші желтоқсанға дейін жалғасады.



